



Ақмешіт

5 шілде
сейсенбі
№53 (1858)
2022 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

Аялаймын сені, Қызылорда!

ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ДҮРБЕЛЕН



Биылғы жыл Орталық Азия үшін оңай болмай тұр. Саяси дүрбелең, экономикалық ахуал, ақпараттық шайқас, жаңғыруға бет бұрған реформа. Қай елді алсақ та келешегін кемел ету қамымен өлек.

ЖАҢА БЕЛЕСКЕ ҰМТЫЛҒАН ҚАЗАҚСТАН

Жыл басы Қазақстандағы Қаңтар қырғынымен басталды. Бәрі қарапайым халықтың бейбіт митингінен бастау алған еді. Алайда дүйім жұрттың алғашқы көңілі аңдығандар өз мақсаттарына жету үшін түрлі айлаға барды. Президенттің сөзімен айтсақ, Қазақстанға шабуыл жоспары әртүрлі аспектілерді қамтыған. Оның ішінде әскери, саяси, идеологиялық, жалған ақпараттандыру бар. Несін айтасыз, теріс пиғылдылар жан-жақты дайындалған. Қаңтар оқиғасында тонаған, қираған ғимараттар, кәсіпкерлік нысандар, өртелген автокөліктер аз емес. Өкінішке орай адам да өлді. Оның ішінде карт та, жас та, бала да бар. Мемлекетке 100 млрд теңгеден астам шығын келді.

Қазақстан Президенті республикамыздың тәуелсіздік тарихында алғаш рет аса күрделі кезеңге тап болғанымызды айтты. Республикалық телеарналар елдегі ахуалды сөз сайын баян етті. Мемлекет басшысы да бірнеше рет үндеу жасады. «Тәуелсіздік тарихында біз алғаш рет аса күрделі және қатерлі кезеңге тап болдық. Ел басына түскен осындай сынақты қайыспай біртұтас ел болып есере білдік. Енді біз мұндай жағдайға ешқашан жол бермеуіміз қажет. Сондықтан еліміз душар болған ауыр қасіреттің себептерін саралап, оның салдарына нақты баға беру – алдымызда тұрған өте маңызды міндет», – деді Қ.Тоқаев.

Осыдан кейін Қазақстан билігі түбегейлі өзгеріске бет бұрды. Президент партия төрағалығынан бас тартып, оның құрамынан шықты. «Nur Otan» партиясы «Amanat» болып өзгерді. Елде жаңа облыстар құрылды. Конституциялық референдум, Ұлытау баурайында ұлттық құрылтай өтті. Ол екі аралықта президент Жолдау жариялап, халықты Жаңа Қазақстанды құруға шақырды.

ШЕКАРАСЫНАН ОҚ ЖАУҒАН ҚЫРҒЫЗ БАУЫР

Биылғы жыл қырғыз бауырлар үшін де оңай болмай тұр. Бауырлас ел мен Тәжікстан тарапы шекара маңында қалыңысып қалды.

Ақпарат көздерінен белгілі болғандай, Баткен облысы, Баткен ауданы Мойнок елді мекеніндегі қырғыз-тәжік мемлекеттік шекарасының учаскесінде Тәжікстанның «Ворух» анклавның тұрғындары қырғыз аумағында мал жаймақ болған. Қырғыз шекарашылары олардың бұл әрекетіне жол бермеген. Бұдан соң белгісіз тәжіктер қырғыз шекарашыларына оқ ата бастаған. Кейінірек бұл атыс қырғыз-тәжік шекарашыларының қарулы қақтығысына ұласқан.

Араға көп уақыт салмай Қырғызстан мен Тәжікстанның шекара өкілдері оқиға орнында кездесті. Нәтижесінде қырғыз-тәжік шекарасындағы жағдай тұрақталды.

Бұл шекарашылар арасындағы бірінші қарулы қақтығыс емес. Бұған дейін қырғыз-тәжік мемлекеттік шекарасында 8 мамырда атыс болған еді. Республикалық «Егемен Қазақстан» газетінің сайтындағы ақпаратқа сүйенсек, ол кезде Чек Баткен облысында Қырғызстан мен Тәжікстанның шекаралас аудандарының тұрғындары арасында 50 сотық Чек учаскесін пайдалануға қатысты мәселе туындаған болатын. Мұндай қарулы қақтығыстар наурыз айында да, маусым айында да болған. Қалай дегенде де қырғыз бауырдың тәжікпен арадағы шекарасында тыныштық толық орнамай тұр.

ӨЗБЕКСТАНДАҒЫ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМА БӘМ БОСТАНДЫҚҚА ҰМТЫЛҒАН ҚАРАҚАЛПАҚ

Орталық Азия енді тынышталды-ау дегенде Қарақалпақстан жерінде толқу басталды. Мәселенің мәнісі Өзбекстан өткізгелі отырған конституциялық референдумға тікелей байланысты болып отыр. Ақпарат көздеріне сүйенсек, референдумда Қарақалпақстанның тәуелсіздігі жайлы айтылмаған көрінеді. Осыдан кейін Өзбекстан жерінің 40 процентін алып жатқан Қарақалпақстан халқы егемендігін жоғалтудан қорқып, ереуілге шыққан көрінеді.

Оқиға тым ұшығып кетпеу үшін Өзбекстан президенті Шавкат Мирзиёев Қарақалпақстанның егемен мәртебесін сақтау қажеттігін мәлімдеді.

Өзбекстан президентінің баспасөз қызметінің мәліметіне сәйкес, 2 шілдеде Нөкіс қаласына келген Мирзиёев республиканың жоғарғы орган өкілдерімен, ақсақалдар алқасы мүшелерімен кездескен.

«Конституцияға енетін өзгертулер мен толықтыруларды талқылау процесі жалғасып жатқандықтан және Қарақалпақстан тұрғындарының пікірін ескере отырып, президент Өзбекстан Республикасы Конституциясының 70, 71, 72, 74, 75 баптарын өзгеріссіз қалдыру қажеттігін атап өтті» деп жазылған Өзбекстан президенті баспасөз қызметінің хабарламасында.

Сөз соны: Орталық Азиядағы ахуал басқалармен салыстырғанда аса күрделі де болмауы мүмкін. Бірақ бауырлас елдердің башылары әр істе ортақ шешімге келгенді құптайды десек, артық айтқандық емес. Мәселен, Қазақстан Қырғыз еліне қарулы көмек беретін болды. Өзбекстан құрамындағы Қарақалпақстанның егемен мәртебесін сақтайтынын мәлім етті. Ал Қазақстан мен Өзбекстан арасында мәңгілік достық туралы келісім бар.

Ә.ЖҰМАДИЛДӨУЛЫ

ТОЛҒАНДЫРҒАН ТАҚЫРЫП

Қазақстанда күзде киік ату басталады. Бұл туралы Қазақстан Республикасының экология, геология және табиғи ресурстар министрі Серікқали Брекешев мәлім етті. Ол күз мезгілінде Қазақстанда Жайық популяциясына жататын 80 мың бас киікті ату туралы шешім қабылданғанын айтты. Министрдің сөзінше, бұл шара киік санын реттеуге және оларды көбейтуге бағытталған. Соңғы статистикалық мәлімет бойынша, қазақ даласында 1,3 миллион киік мекендейді. «Биологиялық негіздеме аяқталды. Ғалымдар киіктер мәселесін реттеу қажет екенін айтып отыр. Бұл Жайық популяциясына қатысты болмақ. Қазір бұл популяцияның саны 800 мыңнан асады, соның он проценті реттеледі. Яғни 80 мың бас киік», – деді министр Брекешев мәжіліс кулуарында. Министр бұл шара киік санын реттеуге және оларды көбейтуге бағытталғанын да тілге тиек етті. Сондай-ақ ол киік санын реттеу шаралары популяциялардың санын шектеп ұстау дегенді білдірмейтінін де ескертті.



ЖЕЗКИІК, БІЗДІҢ ЖАҚҚА ҚАЙДАН КЕЛДІҢ?

– Оның ішінде кейбір популяциялардың санын көбейту де көзделген. Реттеу деген киік санын ұстап тұру екенін қайталап айтамын. Реттеу дегеннен кейін белгілі бір нормалар бар екені түсінікті. Бұл – қажетті шара. Ауыл шаруашылығы

жануарларымен қайшылықтар болмау үшін осылай істеу керек. Бүгінгі таңда Батыс Қазақстан облысында киіктер жайылымдарға ғана емес, егін алқаптарына да кіріп жатыр. Сондықтан бір жағынан проблема да бар. Тіпті биологиялық

негіздеме бойынша киіктердің оңтайлы саны емін-еркін тірлік кеше алатын көлемге жетуі керек. Осы негіздемелердің аясында реттеу жүргізіледі. Бүгінгі таңда біз 500-ге дейін киікті зерттеу үшін аламыз», – деді министр.

Алайда осы бір киікті ату туралы шешім қабылдаған ведомство басшысына қоғамда қарсы келгендер де, жануардың киесін алға тартқандар да бар.

2 БЕТТЕ

ЖУРНАЛИСТ БАСҚА МАМАНДЫҚТА

ТӘТТІЛЕРІ ТІЛ ҮЙІРГЕН БОТАГӨЗ

Қолға қалам ұстап жазу – кәсібіміз. Осы кәсіпті басқа мамандықпен алмастырып, «журналист басқа мамандықта» айдарымен түрлі маман иелерімен кездесіп, әр түрлі мамандықтың қыр-сырын жазып жүргеніміз қалың оқырманға таныс. Әйел заты болғандықтан тәтті пісіруге құштармыз. Туған күн немесе тойларды тортсыз елестете алмаймыз. Тапсырыс беру бүгінде оңай. Әлеуметтік желі арқылы тәттілерді пісіретін парақша іздеп тауып алуға әбден болады. Қазіргі таңда дәмді торттар пісіріп, тапсырыс қабылдау қыз-келіншектердің негізгі кәсіп көзіне айналып үлгерді. Күн санап технологияның дамығаны соншалық, көздің жауын алатын тәттілердің сан түрі халық сұранысына ие болуда. Бүгін біз тіл үйірер тәтті пісіретін аспазбен кездесіп, қыр-сырын үйренуді жөн көрдік. Осы мақсатта кейіпкеріміз Ботагөз Төлегенованың кондитерлік цехына бардық.

3 БЕТТЕ



БРИФИНГ



СУҒА КЕТУ НЕГЕ КӨП?

Биыл облыс бойынша су айдындарында 21 адам суға кеткені анықталған. Оның жетеуі бала. Сондай-ақ құтқарушылардың көмегімен 7 адам құтқарылған. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар орталығында өткен баспасөз конференциясында айтылды.

– Қазіргі таңда ТЖД департаменті қызметкерлері мен құтқару бөлімшелері қызметкерлері су айдындары мен балық аулайтын орындарда 1154 рейд өткізіп, 51702 адамға түсіндірме жұмыстарын жүргізген. Сонымен қатар күнделікті кестеге сәйкес Сырдария өзенінің қала аумағындағы жағалауларына қауіпсіздік шараларын күшейту мақсатында бекітілген іс-шара жұмыстары жүргізілуде. Арал-Сырдария облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы облыс көлемінде заңсыз балық аулау бойынша 118 дерек анықтаған. Осыған сәйкес жеке тұрғындарға 1 млн 608 мың теңге айыппұл салынды. Оқушылардың жазғы демалысын

тиімді өткізу мақсатында өңірімізде 9 тынығу лагері жұмыс істейді. Осыған орай департамент қызметкерлері лагер басшылығымен жиын өткізіп, судағы қауіпсіздік бойынша жан-жақты түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Бұл мақсаттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табады. Дегенмен әр адам өз қауіпсіздігін қатаң сақтауы тиіс, – деді облыстық ТЖД басқарма бастығы Асхат Тоғызбаев.

Расмымен де, су тіршілік көзі, бірақ тілсіз жау. Осыны әрбір адам қаперінде ұстау керек. Ал балалар жазғы каникулда көбіне үйінде болғандықтан кейде ата-ананың бақылаусыз су айдындарында шомылып, соңы қайғылы жағдайға соқтырып жатады. Сондықтан бала қауіпсіздігін де басты назарда ұстаған абзал. «Сақтансаң сақтайды» деп тегін айтылмаса керек. Брифингте айтылған басты ой осыған саяды.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

КИІКТІ АТҚАНЫҢ – ҚАЗАҚТЫ АТҚАНЫҢ

Ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Ақберен Елгезек киелі киікке араша түсті. «Киік – қазақ даласының киесі. Киік – ол Қазақ. Киікті атқаның – қазақты атқаның. Табиғаттағы тепе-теңдікті реттейтін жаратушы Тәңір, адам емес. Ал әгерәки, адам Тәңірінің ісіне араласса, онда оны Құдай тас төбесінен ұрғаны. Қорықпандар, далаға киік қаптаса, ол басқа жакқа өзі-ақ шұбырып көшеді. «Мәселені» жауыздықпен шешкен адамның оңғанын көргем жок.

Киікті қынадай қырған екі адам туралы білемін. Екеуінің де өмірі дұрыс аяқталған жоқ. Ал егер мемлекет киікті қырам десе, оған да зауал келетіні толықтай аян. Байқаңдар! Ойлаңдар! Құрығанда осыған шешім шығарған адам өз үрім-бұтағын ойласа нетті...» – деп жазды ақын.

Міне, осындай сөздермен киікті қорғағандар, қазақты бақытсыздықтан құтқарғысы келгендер қатары көп қазір. Бұған дейін де қазақ даласында жазықсыз жануарды заңсыз қырып, мүйізін ақшаға сатып, киесінен қорықпағандар аз емес еді. Ал енді бұл жануарды атуға мемлекеттің өзі рұқсат берген кезде қазақ қоғамы барынша қарсылық білдіреді. Себебі, киік – қасиетті аң.

Қазақ ауыз әдебиетіндегі «Шұбар киік» аңызында құралайды көзге атқан мерген киікті көріп, атқысы келгенде әлгі жануар: «Ей, Сұрмерген, жанымға сауға сұраймын. Өңі бауыр көтеріп үлгермеген егіз лағым бар еді. Сол панасыз лақтарымды аңсап, жүрегім елжіреп, желімің дертіп келемін. Мені атпа. Тілімді алсаң, «атқан оғың жерге түспесін» деп батамды берер едім. Сонда сен ұшқан құс пен жүгірген аңды құтқармас несібеңі аңшы боласың. Өле-өлгенше тарықпай өтесің! Жанымға сауға сұраймын, атпа!» – деп жалынады. Жануардың бұл сөзіне құлақ аспаған аңшы садағын тартып жібергенде киелі киік көз алдында шұбар тасқа айналып кетеді. Ал сол күннен бастап аңшының жолы болмайды.

Енді бір аңызда егіз лағын емізуге мұрша беруін сұраған киік аңшы алдына қайтып келерін айтқанда мерген мұның сөзіне сенбей: «Мен сені атпай жіберер едім, бірақ қайтып келетіңе кім кепіл болады?» – дегенде көктен Мұхаммед Пайғамбар «Мен кепіл боламын», – дейді. Айтқандай, егіз лағын емізіп келген киік аңшы алдына қайтып келгенде киіктің киесіне, оған Пайғамбардың өзі сенетініне аңшы аң-таң болады.

Мұның барлығы аңыз, әрине. Алайда аңыз да жайдан-жай тарамайтынын назарға алсақ, киіктің расымен киелі екенін түсінеріміз хақ.

ДҮНИЕЖҮЗІНДЕГІ КИІКТІҢ 95 ПРОЦЕНТІ ҚАЗАҚСТАНДА

Археологиялық қазба жұмыстары анықтағандай, бөкендер ертеректе Ұлыбритания аралынан Аляскаға дейінгі аралықта тіршілік еткен.

Басы 1-бетте

ЖЕЗКИІК, БІЗДІҢ ЖАҚҚА ҚАЙДАН КЕЛДІҢ?



Қазақстанның солтүстігіндегі Ямышево мен Подпуск ауылында, Семей қаласы маңынан, Нұра өзенінің жағалауынан, Жамбыл облысындағы Қарауңгір мен Үшбас үңгірінен ежелгі және орта антропогеннен қалған ақбөкендердің сүйектері табылған.

Қазір бөкендер Монғолияда, Қалмақ даласы, Ресей және Қазақстан аумағында мекен етеді. Бес мыңға жуық киік Қазақстан мен Өзбекстан аралығында көшіп жүрсе, ҚХР мен Түркіменстанда мүлдем жойылған деген мәлімет бар. Теңіз көлі жағалауынан Бетпақдала аумағына дейінгі аймақтарда кеңінен таралған ақбөкендердің бұрын көптігі сонша, жолдар жағалауынан да, елді мекендер маңынан да аз кездеспейтін.

Жалпы киіктер бес популяцияны құрайды. Олар Монғолияны және Ресейді, қалған үшеуі, яғни: Бетпақдала, Орал және Үстірт популяциялары Қазақстанның мекендейді. Дүниежүзіндегі ақбөкеннің 95 проценті Қазақстанда тіршілік етеді.

Орал мен Бетпақдала популяцияларына қарағанда, Үстірт популяциясы жойылу шегінде. Яғни 2016-2017 жылдардағы санақ нәтижесі бойынша киіктердің саны 1900-2700 болды. Ал 1980-1990 жылдары 250 000-нан астам киік басы саналған еді. Бұл дала еркелерінің шамамен 99 процентке дейін азайғанын білдіреді. Алайда министрлік мәліметінше, киік күрт көбейіп, жайылым мен егіс алқаптарын таптап жатырмыс.

2019 жылдағы санақ бойынша киіктің саны 334 400 болса, 2021 жылдың көктемгі санағы 842

000 басты құрады. Яғни жыл сайын киіктің саны артып келеді. Биыл 1 млн 300 мың бас киік қазақ даласын мекендеп жүр.

ҚЫЗЫЛОРДАДА КИІКТЕН КЕЛЕР ЗИЯН ЖОҚ

Жоғарыда жазғандай, Қазақстанда киіктердің Орал, Үстірт және Бетпақдала популяциясы бар. Киіктер сәуір айында төлмей тұрғандағы есеп бойынша 1 млн 300 мың басты құрады. Киік төлдегеннен кейін санақ жүргізілген жок. Алайда барлық киіктің 30 проценті аталық болса, 70 проценті аналық. Ал әр аналық екі лактан туатынын есептесе, киіктің қатары көбейгенін байқауға болады. Алайда Қызылорда облысында киіктен келер қауіп жоқ. Бұл туралы «Охотзоопром» Қызылорда өңірлік филиалының басшысы Берік Жорабеков айтты.

– 830 мың киік Орал популяциясының. Қалғаны біздің Бетпақдала мен Үстірттікі. Қазір біздің мекемеде жалпы саны 630 қызметкер бар. Олардың 450-і инспекция мамандары, яғни тікелей киіктерді қорғаушылар деуге болады. Қызылорда облысының солтүстік-шығыс беткейінде орналасқан Құмкөл мұнай кеніші жағында маусымдық 2-3 мың бас киік қалады. Ал қыс мезгілі басталысымен, желтоқсан айында 30 мың бас киік Бетпақдалаға, біздің өңірге қоныс аударады. Биыл бұл көрсеткіш 40 мыңға дейін жетті, – дейді филиал басшысы Берік Сейіткасымұлы.

Алайда маманның айтуынша, киіктердің Қызылордадағы егіс алқаптарына келтіретін еш залалы жоқ.

КИІК КӨБЕЙГЕННЕН ҚАУІП ЖОҚ

Қазақстанның құрметті журналисі Айтқұл Шалғынбаева киіктерді ату туралы шешімге үзілді-кесілді қарсы. Өз сөзінде тәуелсіз сарапшы журналист киік егістікті неге басып жатқанын, оның киесі мен пайдасын, проблеманы шешу жолын да тілге тиек етті.

– Ұлы даламен бірге жасасып келе жатқан бір жануар бар, ол – киік. Миллиондаған жыл бойы ақбөкен осы ұланғайыр далада өзінің миграциялық жолынан адаласпай, желіп жүрген тіршілік иесі. Киікті қазақ кие тұтқан. Оның мәні бар. Киіктің тұяғынан қалған із, топырақты қопсытып, пәленбай шақырым алаптарда өсетін өсімдіктердің тозанын басқа жайылымға тасымалдап, өсімдік әлемін де жаңалап отырады. Киіктің ізімен көшпенді қазақ малын жайып, шүйгінді аралдарын кеңейтіп отырған. Демек киіктің жайылым алаптары табиғи балансты ұстап, оның жаңаланып, тыянуына да әсер етеді. Сар далада жөңкіген ақбөкеннің қарасынан мал саны кем түспейтін қазаққа бұдан артық не керек?

Ақбөкеннің еті мен мүйізінің бағасын кеңес үкіметі тұсында да браконьерлер жақсы білді. Бірақ ол кезде заң қатан болғандықтан киіктің популяциясына айтарлықтай зиян келген жоқ. Осы заманда киіктің мүйізін қытайға сатып, дөңкікен «атжалмандар» жануардың санының кемуіне әкелді. Десек те киік санының кемуіне маң даламыздың гептил ұымен улануының да факторы жоқ емес. Қайсыбір жылы киіктердің

ұрғашыларының лактарымен бірге неше мыңдап қырылып қалу себебін мамандар әлі де ашып, бағасын бермей отыр. Ол туралы мен өзімнің парақшамда ашық жаздым. Тағы айта кетсем, артық етпес, – дейді эколог журналист Айтқұл Шалғынбаева.

Сондай-ақ ардагер журналист өз сөзінде киіктің қайта азаюы мүмкін екенін де ашықайтты. Оның сөзінше, ғарышқа ұшқан зымыранның қалдығы жерге құлап, гептил киікке де зиян келтіреді екен.

– Киік төрт аяқтылардың ішінде төлдегенде төлін жалап газартпайтын жалғыз жануар. Бұл жарықтықтың төлін жаңбыр жуады. Сондықтан бұаз ұрғашылары жаңбырдың иісімен жауын жауатын бағытқа қарай, текелерінен бөлініп шығады. Ол 500 шақырым болуы мүмкін. Сол жағдайда киіктің ұрғашылары Торғайдың алабына келіп төлдеген. Төлдеген аналықтар жаңбырмен жасарған шүйгін шөпте жайылғаны анық. Гептилімен уланған шалғында жайылған енесі де, енесін емген лағы да теңкііп қырылып қалды. Неге гептил? Өйткені зымыранның көбі Қызылорда, Қарағанды, Ұлытау облыстары, Торғай аумақтарына құлайтыны белгілі. Менің зерттеп білгенімдей, гептил ұы жаңбыр мен қар түскенде зиянды күшін 100 есеге күшейтеді. Құрғақ жағдайда «ұйқыда». Міне, киіктің популяциясына кедергі осы. Сондықтан табиғи, техногендік, адам қолымен жасалатын қауіп-қатер тұз еркесі ақбөкендердің кез келген уақытта азайып кетуіне себепкер болуы мүмкін. Мұны ұмытпауымыз керек. Ал «киіктің саны 2 млн ға жетті, жануар егістікті таптап жатыр» деген қисынсыз әңгіме. Миграция жолдары жабылған жануар егіске жақындамағанда, қайда барды? Сексеуіл-Жезқазған бағытындағы жол киіктің табиғи көшіп жүретін жолына салынған. Автожол салғанда да жобалаушылар экология басқармасымен келісіп жасауы тиіс.

Киік өсімі – жақсылықтың нышаны. Біріншіден, малмен айналысуға мүмкіндік ашады. Мал жайылымдары кеңейеді. Одан бөлек, табиғи тепе-теңдігінен айырылған қазақ даласының табиғи балансын қайтарды. Үшіншіден, егер киік саны 5 млн-нан асса, мемлекеттік кәсіпорын арқылы, ғылымға сүйене отырып, киік саны 4 млн-нан түсіп кетпейтіндей етіп, киіктің еті мен мүйізін өңдеуге болады. Ал қазір 2 млн болды деп, популяциясын 30 жылдан бері енді жөнге келтіріп жатқан киіктерді атуға рұқсат беру – барып тұрған бассыздық, – делі Айтқұл Жетібайқызы.

Р.С. Соңғы уақытта жануарларға қатысты қоғамда пікір көбейді. Соның ішінде адамға шауып, біреуді жаралап, тіпті өлімге дейін апарған қаңғыбас итті атуға рұқсат берілмей жатқаны. Ай сайын бағуға миллиондап ақша бөліп, гуманизмді алға тартқан шенділер ит атуға қарсы келіп отыр. Ал дархан даланы мекендеген киелі киіктің азығына қарамастан атуға рұқсат берілгені көпті таңдандырды. Атқаннан гөрі сатқан, болмаса өлтірмейтін шешімін тапқан дұрысырақ сияқты. Қоғам ит киіктен биіктен кетпесе, киікті де аяса дейді.

Аслан НУРАЗҒАЛИ

ШАРА

Қасиетіңнен айналдым, домбыра!

Қалалық мәдени және демалыс паркінде Ұлттық домбыра күніне арналған «Ұлттың үні – Домбыра» атты мерекелік шара өтті.

Шараға арнайы қатысқан қала әкімі Асылбек Шәменов алдымен ұлттық бұйымдар қормесін, этно-ауыл үлгісіндегі алаңда ауыл өнерпаздарының өнерін тамашалады.

Мерекелік концерт қалалық Жастар театрының сахналуындағы тақырыптық қойылымымен басталды.

– Домбыра күнінің ұлттық мерекеге айналуы – көненде жеткен рухани байлығымызға берілген лайықты баға деп білемін. Сондықтан ұлттық мәдениетімізді әлемге асқатқататын қасиетті аспаптың ұлықталуы заңдылық, – деген қала әкімі мереке аясында қаламызда ұлттық аспабымыздың ұлықталуына үлес қосып, талантты шәкірттер

тәрбиелеп жүрген бірқатар ұстаздарға алғыс хаттар тапсырды.

Сондай-ақ ұлттық домбыра күніне орай ұйымдастырылған «Күй керуен» атты жас домбырашылардың дәстүрлі облыстық байқауына қатысып, жүлделер атанған жас күйшілерді марапаттады.

Мерекелік іс-шара әрі қарай концерттік бағдарламаға ұласып, қала тұрғындары мен қонақтары әсерлі кештің куәсі болды.

«Ақмешіт-ақпарат»

СӨЗ БАРЫМТАСЫНДА ОЗА ШАПТЫ

Қазақтың айтыс өнеріне қарымды олжа салып, халықтың ықыласына бөленіп жүрген жерлес ақын, үш дүркін «Алтын домбыра» иегері Мұхтар Ниязов халықаралық ақындар айтысында жүлделі бірінші орынды иеленді.



Шығыс Қазақстан облысының Қатонқарағай ауданы әкімшілігінің ұйымдастыруымен, Қатонқарағай ауданы кәсіпкерлері мен Толькпеаевтар әулетінің демеушілігімен өткен «Алтайдай жер қайда?» деген айтыста жеңіске жеткен ақынның айтулы жеңісі Сыр жұртшылығын бір серпілтіп тастады.

«Ақмешіт-ақпарат»

ХАБАРЛАНДЫРУ

ҚР «Табиғи монополиялар» Заңының 25-бабы 6-тармағына сәйкес «Қызылордажылу-электрорталығы» МКК-ны 2022 жылдың 29-шілдесінде сағат 11.00-де Марал Ишан көшесі 1-де орналасқан осы мекеменің мәжіліс залында 2022 жылдың 1-жарты жылдығының жылу энергиясын өндіру, бөлу және беру, жабықтау қызметі бойынша тыңдау есебіннің тұтынушылардың және өзге де мүдделі тұлғалардың қатысуымен өткізілетінін хабарлайды.

«ҚКЭО» МКК әкімшілігі



САРЫАРҚА ТӨСІНДЕ, СӘН БЕРІП ЕСІЛГЕ

Ойы ұшқыр, қиялы жүйрік бүлдіршіндер бүгінде бейбіт елде арман қуып өсіп келеді. Олардың әрбірі жоспар құрады, ертең ойлайды, болашаққа бағдар жасайды. Шындығында жас өреннің ойы, талап-тілегі жоғары. Болашақ ел азаматы ретінде алға қойған мақсаттары айқын әрі нық.

«Елордаға барып, Бәйтеректің биік шыңына шықсам, армандар орындалады. Мен оған сенемін. Үлкен азамат болғанда астанада жұмыс істеймін»... 8 жас Нұрсезім Шәкірбектің бала тілегі осындай.

Шартарапқа шуағын шашқан шырайлы шаһар жайлы тілге тиек еткенде оған баруды арман етіп, өз мақсатын елордамен байланыстыратын жан көп-ақ. Әсіресе, жастар онда тұруды, қызмет етуді жоспарлайды. Жүрек түкпірінде елордаға деген ұмтылыс арта түседі.

Расында, көркіне қарасаң көз тоймайды. Бас қаламыз жылдан жылға сәніне сән, сәулетіне сәулет қосып келеді. Ұлт келбеті саналатын шырайлы шаһардың астаналық мәртебеге ие болғанына биыл 24 жыл. Елордамыз осы уақыт аралығында көз тартар көркемдігімен әлем жұртшылығын тамсандырып үлгерді. Соның нәтижесінде бейбітшіліктің мызғымас мекеніне айналды.

Бүгінгі бас қаланың тағдыры кешегі астаналар тарихымен сабақтасып жатқаны белгілі. Себебі қазақтың қай астанасын алсақ та, әрқайсысының ұлттың өсуіне, мемлекеттің орнығуына тигізген ықпалы зор.

Қазақстанның астаналары туралы айтқанда тарихқа тоқталмай кете алмаймыз. Ұлттың рухын айбындатып, ұлттық мақсат-мүддені айқындайтын киелі мекендер туралы айтпай кету мүмкін емес.

1920 жылы 4 қазанда Орынборда Қазақ



өзгертілгені айтылған. Бұл халық сенім білдірген оң шешім болды. Шыңтауытына келгенде елорда – жасампаздық пен үйлесімділіктің үлгісі. Алдағы уақытта да бас қала еліміздің тәуелсіздікке тән жана рухын қалыптастырып, өңірлердің дамуына серпін берген қозғаушы күшке айналары сөзсіз. Себебі, аз уақытта көз ілеспес жылдамдықпен бой түзген елордамыз жұмыр жердегі әйгілі астаналарымен нық тірестіріп, салтанат жарастырып отыр. Көркімен де, көлемімен де қатарлас деңгейге жетті.

Расын айту керек, 24 жыл бұрын Арқа төсінде осындай үлкен қала бой көтереді деп ешкім ойламаған еді. Бүгінде сәні мен

ұлан ғайыр ұлы даланың ақ төріндегі әсем шаһарды талайды тамсандырып көркем аймаққа айналдырды. Нәтижесінде көңіл көшіретін кешендер бой түзеді. Ұлттық сәулеткерлік өнер қарыштап дами түсті. Мәселен, Ақорда, «Астана триумфы», «Бейбітшілік және келісім сарайы», «Бәйтерек», «Хан Шатыр» – бүгінгі кезеңдегі сәулет өнерінің озық үлгілері. Бұл тізімге соңғы жылдары «Қазақ елі» монументі, «Мәңгілік ел» арқасы қосылды. Сондай-ақ жана тұрғын үйлерден де жанаалық байқалып тұрады.

Бас қаладағы ең ғажайып, әсем орынның бірі – «Бәйтерек» десек артық емес. Себебі тіршілік иелеріне тірек, сүйеніш, қорған, пана деген ұғымды білдіретін алып ғимарат еліміздің символына айналған. Елордаға қадам басқан әрбір адам оған барып, арман-тілегін айтуды әдетке айналдырған. Сарыарқаның сары белінде, ұланғайыр қазақ жерінің қасиетті орталығында осындай ғимараттың бой көтеруі жақсылықтың шоғырлануы деп тануға болады.

Қазіргі елордамыз – сәулет өнерінің теңдессіз туындысы. Ондағы түрлі-түсті кілем секілді көз алдында жайнап жатқан алқызыл гүлдер көңіліне ерекше сезім сыйлайды. Мұндағы көкке ұмтылған бірегей, зәулім ғимараттар өзіне бірден баурай түседі.

Бүгінде Сарыарқа төсінде қоныс тепкен алып ордада әлем елдерінің көшбасшылары бас қосып, пікір алмасуда. Шетелдік қонақтар Тәуелсіздіктің символына айналған елорда келбетіне көз тастап, өздерінің жоғары бағасын беріп келеді. Қысқа мерзім ішінде бұл аймақ ел мерейін асырды. Жаһанға танылды. Қазақ елінің әрбір тұрғыны осы шаһармен мақтанады. Себебі, ондағы жана бастамаларды, ғажайып сәулетті туындыларды көре отырып, болашаққа деген сенімділік ұялайды. Көркіне қараған сайын көз тоймайтын алып шаһар туралы қызылордалық белгілі ақын Махмұттай Әміреұлының:

«Сарыарқа төсінде,
Сән беріп Есілге,
Жас қала – Бас қала

Астана өсуде» деген өлең жолдары ойға еріксіз оралады.

А.БАТЫРБАЙҚЫЗЫ



өлкесі Кеңестерінің құрылтай съезі өтіп, Қазақ АКСР-і құрылды. 1925 жылға дейін қазақтың астанасы Орынбор болды. Орынбор қазақтың рухын көтерді, азат ел болуға деген үмітін үкіледі. Ал 1925-1929 жылдар аралығында қазақ астанасы Қызылорда болып өзгертілді. Аз ғана уақыт ішінде ел астанасы қазақтың білім ордасы, мәдени-рухани дамуна айтарлықтай әсер етті. Ең бастысы, Қызылорда астана болып тұрғанда, «киргиз» деген жасанды ат өшіп, қазақтың тарихи атауы өзіне қайтарылды.

1928-1998 жылдар аралығында қазақтың астанасы Алматы болып белгіленді. Алматы қазақ еліне тәуелсіздік алып беріп, егемен ел етті. Еліміз қаржы-экономикалық, мәдени-әдеби тұрғыда дами түсті. Астана болған жылдары Алматы қарқынды дамып, Қазақстанның атын дүниежүзіне әйгіледі.

1994 жылдың 6 шілдесінде тарихи шешім қабылданды. Ол Ақмола қаласын Қазақстанның астанасы етіп жариялау еді. Ал 1998 жылы 6 мамырда Астана атауы ресми түрде бекітілді. Сол уақыттан бері еліміздің бас қаласы үздіксіз дами түсті.

2019 жылғы 23 наурыз күні Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Астананы қайта атау туралы тиісті Жарлыққа қол қойғаны белгілі. Онда еліміздегі тұрақты даму идеясын нықтаудың, одан әрі нығайтудың нақты көрінісі ретінде Астана қаласы Нұр-Сұлтан болып

салтанаты жарасқан аймақта сәулет өнерінің озық үлгілері өмірге келді. Осы орайда, Арқа төсіндегі айшықты ордамызда өз қолтаңбасын қалдыруға ерінбей еңбек еткендер көп. Шет ел мамандарымен тәжірибе алмасу барысында өзіміздің сәулетшілер мен құрылысшылар көп нәрсені үйреніп, өз нәтижесін көрсеткен. Соның арқасында қаншама көркі көз тартар ғимараттар өмірге келгенін білеміз. Қазақ сәулетшілері Саматбек Бөкебай, Ақмырза Рүстембеков, Жандарбек Мәлібеков, Бақтыбай Тайталиев

Ғажайып торттардың иесі Ботагөз аз ғана уақыт ішінде үй іргесінен шағын кондитерлік цех ашып, кәсібін дөңгелетіп отыр. Тәттінің ең дәмдісін, сапалысын қалайтындар Ботагөзге тапсырыс береді екен. Ол қалалықтар мен Тасбөгет кентінің тұрғындарын тіл үйіретін дәмді өнімдерімен қамтамасыз етуде. Біз барғанда қызу тірліктің куәсі болдық. Қаламыздағы үлкен мейрамханаларға тәттілерді жіберуге асығып жатыр екен.

– Кәсіп ашқанға дейін 10 жылға жуық кондитер болып жұмыс істедім. 2018 жылы «Қызылорда өңірлік инвестициялық» орталығынан жеңілдетілген несие алдым. Қаражатқа арнайы пеш, құрал-жабдықты Алматы қаласынан әкелдім. Осылайша жақындарымның демеуімен кентте кондитерлік цех аштым. Ең алдымен жолдасым қолдау көрсетті. Қазіргі уақытта несиені өтедік. Бізде дайындалатын түрлі тәттілер мен тоқаш, бәліштердің 40-50 түрі кент және қала көлемінде сатылады. Мерейтойлар мен отбасылық мерекелерге арнайы тапсырыспен торт пісіреміз. Одан бөлек дүкендерге тәттілер апарамыз, – дейді Ботагөз Дүйсенқызы.

берекетін көріп отырған жайы бар.

– Бізде нан өнімінің көптеген түрлері бар. Мәселен, балаларға арналған торттарға, үйлену тойларына тапсырыс қабылдаймыз. Ең алдымен сапаға мән беремін. Осы кезде көмектесетін 6 жұмысшы бар. Жалақылары уақытылы беріледі. Тұрақты тұтынушылардың көңілінен шығу басты мақсат. Олар біздің кәсіпке сын айтпайтындай етіп жасағымыз келеді. Себебі күнделікті тапсырысты жоғалтқымыз келмейді. Өнімдердің бағасы да қалтаға салмақ түсірмейді. Нәзік жандар кәсіп бастауда кәсіп арқылы табыс тапса болады. Дегенмен кейбіреулер бүгінгі нарықта кондитерлік цех және жеке торт пісіретіндер көп. Сондықтан өнім өтпейді деген сылтауды айтады. Ал адам шын қаласа бәрін жасауға мүмкіндік бар. Яғни сапалы, қолжетімді халық көңілінен шығатындай өнім дайындай алса, сұраныста көбейетіні сөзсіз. Бізде барлығы табиғи өнімнен жасалады, – дейді ол.

Кәсіпкер екі ұлдың анасы. Бала тәрбиелеумен қатар, кәсібін дөңгелетіп келеді. Кәсіпті бір арнаға түсіру үшін ата-енесі көп көмектескен. Қазіргі кезде де қолдап, әр кез демеушілік жасап тұрады. Тұрақты тұтынушылардың сеніміне

ТӘТТІЛЕРІ ТІЛ ҮЙІРГЕН БОТАГӨЗ



Ботагөзбен танысып біліскеннен кейін торт пісірудің қамына кірістік. Алдымен қандай істі жасар кезде де шын ықылас қажет екені анық. Яғни, әрбір дүниені көңілге қонымды болып шығуы үшін ниет дұрыс болуы керек. Ботагөз тәттілерді ыстық ықпалмен дайындайтынына көзім жетті. Өзіне ұнайтын сүйікті ісінен шабыт ала отырып, тапсырыс беруші көңілінен шығу үшін барынша тырысады. Мен де торт жасау қамына кірістім. «Қолымнан дым келмейді» деп айту ұят ерине. Бірақ үйренсем деген ниет бар. Үйде азғандай қонаққа арасында шайға тәтті пісіргенмен, торт жасау қолымнан келмейтіні анық. Сонда да көмекшілермен бірге іске кірістім. Дүкендерге өткізетін балды тортты пісіру үшін біраз тер төгуге тура келді. Күннің ыстығында ыстық пештің қасында жүру де оңай емес екені анық. Дегенмен нәтиже шықты. Шайға печенье мен балды торт жасауды үйренгендей болдым. Жарты күнде бәрін әпсәтте үйреніп алу мүмкін емесі анық. Торт пісіруге қызыққанмен өзіндік қиындығы бар екенін түсіндім.

Ал Ботагөз мұндай қиындықтарға қарамастан жүргізіп келе жатқан осы кәсіпті үйренгісі келді. Сол арқылы табыс тауып, жетістікке жетуге мақсат етті. Сол арманының бір бөлігі бүгінде жүзеге асқанын көрдік. Оның негізгі мамандығы – қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі. Дегенмен жүрек қалауына жақын іспен айналысуды жөн санаған. Еңбек жолын кондитерлік цехта бастаған. Сонда жүріп, тәтті пісірудің қыр-сырына қанықты. Одан бөлек өзі үйден тапсырыс қабылдай бастады. Бірақ өзі осы кәсіпті дамытқысы келетін. Сол мақсатына қол жеткізу үшін әрекет етті. Бүгінде сол әрекеттің

кіріп, тапсырысты көбейткен Ботагөз кәсібін кеңейтуді мақсат еткен. Бүгінде цех құрылысын бастаған. Алдағы уақытта тағы да мемлекеттік бағдарлама арқылы жеңілдетілген несие алуы жоспарлауда.

Тәттілерді жеуге құмар болғанмен көп әйел пісіруге келгенде еріншектік танытатынымыз рас. Сондай-ақ тортқа тапсырыс бергенде талғампаз боламыз. Оның қандай еңбекпен жасалатынын түсіне білмейміз. Бүгін кондитерлік цехта жүріп бұл жұмыстың оңай емес екендігін түсіндім. Кәсіпкер торттың түрімен қатар дәмді де көңіл болу маңызды екенін алға тартты. Яғни, тұтынушылардың талғамы әртүрлі.

Кәсіпкермен жарты күн өткізген уақыт ішінде «торт жасауды үйреніп, қолға алып, кәсіп бастауға болады екен» деген ой келгені де рас. Бірақ ыстық күнде ыстық пештің қасында жүріп еңбек ету қиынның қиыны. Ал кондитерлік цехта жұмыс істейтіндер осы қиындықты еңсеріп келеді. Мұның өзі ерлік. Олар әрбір өнімді жасауда шын ықылас танытып, осы кәсіптің ұнайтындарын көрсетіп тұр. «Өзіне ұнаған кәсіппен айналыссаң ғана жеңіске жетесіңдер» деген сөздің растығы осы да шығар. Түрлі тәттіні пісіруде алдына жан салмайтын, «тапсырыс беруші келіп қалатын болды» деп жауапкершілік таныта жұмыс істеп жатқан кондитерлік цех аспазшыларының шеберлігіне тәнті болып қайттым. Еңбек етемін деген адамға атқарар іс көп екеніне бүгін тағы да көзім жетті. Бастысы, таза ниет пен адал еңбек болса, кәсіпті шыр айналдыруға болады. Тәттілері тіл үйіретін Ботагөз де «табыстың басты қағидасы – осы» дейді.

Айтолқын АЙТЖАНОВА

Басы 1-бетте

АРАЛ МӘСЕЛЕСІ ЕУРОПА НАЗАРЫНДА ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясында Арал теңізінің проблемалары талқыланды

Ұлыбританияның Бирмингем қаласында Еуропадағы Қауіпсіздік және Ұлттық мақсаттық Ұйымы Парламенттік Ассамблеясының жазғы сессиясы өз жұмысын бастады. Оған Қазақстан Республикасы Парламентінің делегациясы қатысты. Бұл туралы ҚазАқпарат ақпарат агенттігі хабарлады.

ЕҚЫҰ ПА Тұрақты комитетінің отырысы барысында Қазақстан делегациясын бастаған Асқар Шәкіров пен Өзбекстан делегациясын бастап келген Садық Сафоев ұйымды және оған мүше мемлекеттерді Арал теңізінің құтқару жөніндегі жобаларды іске асыруға донор болуға шақырып, екі ел парламенттерінің бірлескен үндеуін жария етті.

Сессияға қатысушыларға таратылған құжатта соңғы 60 жылда ең ауқымды жабық су айдынының бұрын-соңды болмаған көлемде азаюына және сортаңдануына назар аударылды.

Шаңды дауыл жыл сайын 100 миллион тоннадан астам майда тұзды шаңды, улы тұз бен құмды мыңдаған шақырымға әкеледі. Оны Еуропа елдеріне, Жапон аралдары мен Антарктидаға жеткізіп, мұздықтардың еруі мен мұхит

деңгейінің жоғарылауы себептерінің біріне айналып отыр.

Онкологиялық аурулар ең жоғары пайызды көрсетіп отырған Орталық Азиядағы Арал өңірі халқының денсаулық жағдайының күрт нашарлауына тұрғылықты жердің экологиялық азып-тозуы себеп болғаны атап өтілді.

Экологиялық апаттың ауқымы Арал теңізі бассейніндегі әлеуметтік-экономикалық және экологиялық ахуалды сауықтыру жөніндегі проблемаларды кешенді шешу үшін өңірдегі елдердің ғана емес, бүкіл халықаралық қоғамдастықтың күш-жігерін біріктіру талап ететіні атап өтілді.

Қазақстан мен Өзбекстан көшбасшылары Қасым-Жомарт Тоқаев пен Шавкат Мирзиёев осындай ортақ пікірге шақыруда.

Қазақстан делегациясы сессия аясында «Құбылмалы әлем және қазіргі заманғы сын-қатерлер жағдайында

Жаңа Қазақстанды құру» тақырыбы бойынша сайд-ивент ұйымдастырды.

Оның барысында Қазақстанның ішкі және сыртқы саясатына байланысты негізгі оқиғалар туралы парламенттік қоғамдастық хабарлар етілді.

Парламент депутаттары Қазақстан мемлекеті басшысының ауқымды саяси және әлеуметтік-экономикалық реформаларын іске асыру, «Жаңа Қазақстанды» қалыптастыру үшін берік негіз қалаған ҚР Конституциясына өзгерістер енгізу жөніндегі жалпыұлттық референдумның қорытындыларын жан-жақты таныстырды.

Парламенттің рөлін күшейту, сайлау жүйесін жетілдіру, саяси бәсекеге қабілеттілік үшін жағдай жасау, құқық қорғау тетіктерін дамыту мәселелері басты назарда болды.

Кездесуге қатысушылар айтылған ақпаратқа ықылас

білдірді және Қазақстанда жүргізіліп жатқан өзгерістер қолдау тапты.

Орталық Азия елдері мен Монғолияның делегациялары ЕҚЫҰ ПА Орталық Азия бойынша арнаулы өкілі Пиа Каумамен кездесті, онда Қазақстанның өңірлік ынтымақтастық және өзекті халықаралық проблемалар жөніндегі ұстанымы жария етілді.

Сессия шараларына сенаторлар Ғұмар Дүйсембаев, Қайрат Қожамжаров, Дүйсенғазы Мусин, Мәжіліс депутаттары Айгүл Құспан, Айдос Сарым, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлыбританиядағы Елшісі Ерлан Ыдырысов қатысты.

«Ақмешіт-ақпарат»

Сыр оғланы – Қазақстан барысы

Арыстан жүректі, барыс білекті, бөрі текті, жылқы мінезді деген теңеулерді қазақ Мақсат Исағабайлов сынды жігіттерге арнап айтқан шығар. Сырдың Мақсаттай оғланы жексенбіде өткен жарыста кілең сен тұр, мен атайын дейтін әр аймақтың бас балуандары қатысқан барыстар додасында қарсыласының барлығын жеңді. Осылайша Исағабайлов «Қазақстан барысы – 2022» турнирінің бас жүлдесін жеңіп алды.

Жеңімпазға ұйымдастырушылар 25 млн теңге, жеңімпаз белбеу және ауыспалы алтын тайтұяқ тағайындады.

Мақсат Исағабайлов 1994 жылдың 17 қарашасында дүниеге келген. 2001-2011 жылдары №27 С. Ескараев атындағы дарынды балалар мектебінде тәлім алды. 2012-2016 және 2016-2018 жылдары Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде «Алғашқы әскери дайындық» және «Зангер» мамандықтары бойынша білім алды. Қазақ күресінен ҚР халықаралық дәрежелігі спорт шебері болса, самбо мен дзюдодан ҚР спорт шебері атанған. Ол 2019 жылы қазақ күресінен «Әлем барысы» турнирінің күміс жүлдегері болса, өткен жылы «Үздіктердің үздігі» республикалық турнирінің жеңімпазы болды.



ДАМИРДІҢ ДАҒДЫСЫ МЕН ШАВҚАТТЫҢ ШАЙҚАСЫ

Аралас жекпе-жекпен айналысатын қазақ оғандарының қарқыны жаман емес. Әсіресе әр кездесуін жеңіспен аяқтап жүрген Дамир Исмағұлов пен Шавқат Рахмановтың асығы алшысынан түсіп тұр.

ЕНДІ БҰЛ ЖЕРДІ
ҚАЗАҚ БАСҚАРАДЫ

ШАВҚАТ ШЫҒАР ШЫҢ:
МЫҚТЫЛАРДЫҢ МЫҚТЫСЫ БОЛУ



Әңгімені алдымен Дамир жайында өрбітейік. Дамир Исмағұлов Орынбордың тумасы. Бұрын бұл жер қазақтық болғанымен қазір Ресейдің құрамында. Дамир сол себепті де октогонға екі елдің туын бірдей алып шығады. Оның басты себебі қызу қанды намысты қазақ болуында дер едік. Ол ережесіз жекпе-жекке 20 жасында келген. Спортшы бұған дейін футбол, теннис сынды спорт түрлерімен шұғылданған көрінеді. Кейіннен MMA-ге құмартып, осы жолды таңдаған. Қазақтың қайсар мінезді оғланы алғашқы жекпе-жегінен-ақ жеңіс туын желбіреткен.

Дамир Исмағұлов М-1 Global тұжырымы бойынша әлем чемпионы атағына ие. Осы жаба аясында 18 жекпе-жек өткізіп, 16 рет жеңіске жеткен. Ол Беларусь файтері Артем Дамковскийді жеңіп, чемпиондық атағын қорғап қалды.

Дамир UFC аясында 5 жекпе-жек өткізіп, бәрінде жеңіске жетті. Ол Швеция намысын қорғайтын грузиялық Гурам Кутателадзені жеңгеннен кейін UFC-де жаңа патшаның пайда болғаны жайлы мәлімдеме жасады.

– UFC, мен үлкен кездесулерге дайынмын! Топ-15. Бұл орманда жаңа патша пайда болды. Енді бұл жерді қазақ басқарады. Қазақ, – деді Дамир.

«Мен UFC ережесін білемін. Әрбір кездесуімді нокаутпен аяқтауға тырысамын. Соққыны көп жасаймын. Жақсы күресе де аламын. Бірақ мен тек мықтыларды жеңгім келеді. Шоу қорсетуді қалаймын. UFC, бұл сіздер үшін. Қазақ сіздер үшін келді. Шоу қорсетуге келді», – деді Исмағұлов.

Қарсыласының барлығын «қиратып» келе жатқан спортшының бірі – Шавқат Рахманов.

Шавқат жайлы сөз қозғайтын оның ұлтын әңгіме арқауына айналдырмай кетпейді. Себебі оның есімін алғаш естігендер өзбек пе деп қалады. Бұл сұрақ Рахмановтың өзіне де сан мәрте қойылған. Мұның бәріне Шавқат «Мен – қазақтың!» деп жауап қайыраған. Спортшы Өзбекстанда тұрғандықтан құжаты да сол елдің емле ережесі бойынша Рахманов деп толтырылған болуы керек. Жакында Шавқат октогонға тағы шықты. Қарсыласы Мегни болды. Бұл жекпе-жек «Боец» арнасынан көрсетілді. Сол кезде комментаторлар Шавқаттың шыққан тегі қазақ, оның ішінде кіші жүз екенін мәлім етті.

27 жастағы отандасымыз аралас жекпе-жекпен 2014 жылдан бері айналысып келеді. Ол осы аралықта 16 кездесу өткізіп, барлығында жеңіске жетті. Рахманов 2019 жылдың көктемінде Алматыда ресейлік Данила Приказаны жеңіп, M-1 Global нұсқасы бойынша алтын белбеуді иеленгеннен кейін араға бірер ай салып, чемпиондық атағын сәтті қорғады. Ол елордамызда өткен жарыста бразилиялық Тьяго Варежанды ұтты.

Жалпы Шавқат UFC-дегі алғашқы кездесуін 2020 жылғы қазанда өткізді. Абу-Дабидағы турнирде Алекс Оливейраны және 2021 жылы Лас-Вегаста Мишел Празеристі ұтты. Бразилияның екі мықтысын тізе бүктірген Шавқат гайаналық Карлстон Харристы да місе тұтпады. Жекпе-жекте көргендер Шавқаттың Харристы айналдып теуіп құлатып, құлаған бетте ауыр соққының астына алғанын жақсы біледі. Бұл кезде төрешіде жекпе-жекте тоқтатудан басқа амал жоқ еді. Отандасымыз UFC рейтингінде 10-орында тұрған Нил Мэгниді қылқындары әдісімен ұтып, мықтылардың сапына жақындаты түсті.

Мегниді жеңген Рахманов «менің мақсатым – чемпион болу» деп, жарияға жар салды.



АЗИЯНЫ БАҒЫНДЫРҒАН БАЛҒЫНДАР

Өткен аптада Бахрейн мемлекетінің Манама қаласында грек-рим күресінен жасөспірімдер арасындағы Азия біріншілігі өткен болатын.

Дәл осы жарысқа Сыр елінің де балғындары қатысты. Олардың арасында Алшамыс Болатұлы мен Әмірмұхаммед Кабулов сынды балуандар бар. Екеуі де жауырыны жерге тимей Азия чемпионы болды.

Қос балуан №19 Арал ауданының олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебінің спортшылары екенін айта кеткен жөн. Арал ауданының әкімі Серік Сермағанбетов «жас өрендерімізді жастайынан спортқа баулып, ауданымыздың спорт саласының дамуына өлшеусіз үлес қосып жүрген спорт жаттықтырушылары Қожекенов Талғат, Төлебаев Бахтияр, Танатаров Ардак және Қазақстан Республикасының құрама командасының аға жаттықтырушысы Алматы Кебісбаева шынайы алғысымды білдіремін», – деп ризашылығын жеткізді.

Жеңіс тұғырынан көрінген балуандарды біз де құттықтаймыз!

Бетті дайындаған
Ә.Жұмалдәулы



ПОЛИЦЕЙЛЕР АРАСЫНДАҒЫ ЖЕКПЕ-ЖЕК

Қазақстан полициясының 30 жылдығына орай облыстық полиция департаменті бөліністері қызметкерлерінің арасында арнайы даярлық басқармасының ұйымдастыруымен қоян-қолтық ұрысынан жарыс өтті.

Облыстық мәдениет және спорт басқармасына қарасты облыстық жоғары спорт шеберлігі мектебінде өткен бұл жарысқа полиция департаментінің басшылығы, ішкі істер органдарының ардагерлері және құрама командалар қатысты. Жарыстың ашылу салтанатында департамент бастығының орынбасары полиция полковнигі Әміржан Өтегенов құттықтау сөз сөйлеп, қатысушыларға сәттілік тіледі. Салауатты өмір салтын насихаттау,

күш құрылымдары қызметкерлерінің физикалық дайындығын сығна салу мақсатында ұйымдастырылған сайысқа қатысуға 11 құрама ниет білдірді.

Спорттық дола қорытындысы бойынша жалпы командалық есепте ОПД ЖҚАЖ командасы бірінші орынды иеленсе, екінші орын ОПД оқу-жаттығу взводының командасына бұйырды. Ал үздік үштік қатарынан Арал аудандық полиция бөлімі командасы да табылды. Жеңімпаздар кубок, медаль және бағала сыйлықтармен марапатталды.

МАҚСАТ БАЙЖАНОВ: ЖЕҢІСТІ СЕРИЯ ЖАЛҒАСЫН ТАБАДЫ

Футболдан ел біріншілігінің 10-туры артта қалды. Премьер лига жолдамасы үшін талас жүргізіп жатқан Сырдың бас командасы турнирлік кестеде көш бастап келеді. Десек те соңғы ойында дала қасқырларына сәттілік жетіспеуде. Осы ретте журналист Ерасыл Шәрібектің команда капитаны Мақсат Байжановпен жасаған сұхбатын ұсынып отырмыз.

– Мақсат, соңғы төрт ойында «Қайсар» төрт ұпайға қол жеткізді. Капитан ретінде команданың бұл сәтсіздігін қалай түсіндіресің?

– Иә, төрт ойын біз үшін қиындық тудырды. «Қайсар» Қазақстан кубогында бақ сынаптыр болғандықтан ойын күнтізбесі тығыз болуда. Нәбәрі 6 күн ішінде екі кездесуден өткізіп жатырмыз. Бұл – алаңда еркін ойнауға кері әсерін тигізгі белгілі. Бірақ мұны біз сылтау деп санамаймыз. Әрине, жеңіс бар жерде жеңілістің қатар жүретіні белгілі. Сондықтан сол үрдіс «Қайсардың» қазіргі жағдайына тұспа-тұс келіп тұр. Алда әлі көптеген матч бар. Солардың барлығында айымыз онынан туады деп есептеймін.

– «Екібастұзбен» өткен кездесуге тоқпалаймың. Жеңіске жету үшін не жетіспеді?

– Біріншіліктегі қарсыластың барлығы мықты. Алаңда шалыс қимылдасаң кешірмейтінін «Екібастұздың» өзі аңғартты. Футбол командалық ойын болғандықтан, бір ғана позициядан қателік кетті

деп есептемейміз. Қазір кеткен қателікті түзеу үшін бапкерлік штабпен теориялық жаттығуларды қолға алып жатырмыз. Стадионнан матчы тамашалаған жанкүйерлер жағдайымызды жақсы түсінеді деп ойлаймын. Себебі біз алаңда соңғы минуттарға дейін жеңіске ұмтылдық. Ойынның нәтижесі үшін

жанкүйерлерден кешірім сұраймын. Біз әрдайым фанаттарымызды қуанту үшін алаңға шығамыз.

– Премьер-лига жолдамасы үшін талас қыза түсуде. «Қайсардың» жоғары мақсатқа жетуіне мүмкіндігі қандай?

– Біріншілікте мына команда фаворит деп қарау әбестік болар. Кез келген ұжым сауатты ойнаса, ұпай еншілей алады. Сондықтан барлығына бірдей қарағанымыз абзал. Ал «Қайсардың» премьер-лигаға шығуға қауқары толыққанды жетеді деп санаймын. Сол үшін басшылық тарапынан болсын, футболшылар тарапынан болсын тынымсыз тіршілік жасалуда.

– Алда жауапты матчтар келе жатыр. Ел кубогынан бөлек, «Жетісумен» сырт алаңда күш сынасамыз. Маңызды матчтарға дайындық жұмыстары қалай?

– «Екібастұздан» кеткен қателіктен кейін дайындық жұмысын екі есеге ұлғайттық. Өйткені Қазақстан кубогында премьер-лигада өнер көрсететін командалармен күш сынасамыз. Оңай болмайтыны анық. Сол себепті тынығлықты жаттығу жұмыстары керек. Ал 12 шілдеде негізгі қарсыласымыз – «Жетісумен» бақ сынаймыз. Талдықорғанда үш ұпайды еншілеуіміз керек. Турнирлік кестедегі командалардың ұпайы да шамалас. Сондықтан қателікке бой алдырмай, әр матчта жеңіске жетуіміз керек.



Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-1.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ, 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтініді, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 3563
Тансырыс №1092

Нөмірдің кезекші редакторы Аслан НҮРАЗҒАЛИ